

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## «Ғажайыптар әлемі» атты сайыс

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.02.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/28304/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні: 20.01.18ж

Сыныбы: 5<sup>а</sup>, 5<sup>ә</sup>, 5<sup>б</sup>, 5<sup>в</sup>, 5<sup>г</sup>

«Ғажайыптар әлемі» атты математикалық сайыс

**Мақсаты:** оқушылардың математикадан алған білімдерін тереңдету, өткен тақырыптар бойынша білімдерін пысықтау, оқушылардың ой – өрістерін кеңейту, шығармашылық пен өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін арттыру.

Сабақтың түрі: топтық сайыс

**Барысы:**

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» — деп Ш. Уәлиханов, «Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, өмір мектебінен өту арқылы ғана оны ірі қайраткер дәрежесіне дейін көтереді» — деп Қ. Сәтбаев айтып кеткендей болашақ тек білімді жастар екені даусыз.

Асыл тастан, өнер жастан

Шығады деп дарынды

Халық айтса қалт айтпайды,

Әр қашанда нанымды, — деп Абай атамыз айтқандай 5- сыныптар арасында өткелі отырған сайысымызды бастаймыз.

**Жүргізуші:**

Бүгінгі күн сайыста

Ешкімнен сен қалыспа,

Білімі кімнің көп болса,

Сол озады сайыста- деп

«Ғажайыптар әлемі»  
атты сайысымызды бастаймыз

Математикалық сайыстың өтілу тәртібімен таныстырып өтейік.

I бөлім – топ аттарымен таныстыру, ұрандарын айту

II бөлім – «Математика жайлы әңгімелер»

III бөлім – «Логикалық есептер»

IV бөлім – «Тіл — өнер»

V бөлім – «Дода»

VI бөлім – «Жорға»

**Жүргізуші:**

Шын жүйрік шабысынан танылады

Нақты білім, терең ой сыналады.

Баға берер әділқазы ортамызда

Сіздерге құрметпенен қол соғылады,-- демекші, топтардың еңбектеріне баға беруші ұстаздарымызды таныстырып өтейік:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_

**Жүргізуші:**

Шақырамыз келіндер жарысуға

Күш - өнер, білімменен алысуға

Бар өнерді салайық ортамызға

Ал кәнекей, кім шығады сайысуға

Ортаға 5-сынып оқушыларынан құралған 5 топты ортаға шақырамыз. Ал, кәнекей сайысты біз бастайық,

Өзімізді таныстырып тастайық - деп сөз кезегін әр топқа береміз (таныстыру, ұраны)

**Жүргізуші:**

Мәңгі бақи есте қалар

Қызықты бір жиын болсын!

Білімді шәкірт озар!

Сұрақтары қиын болсын - дей отырып, сайысымыздың екінші бөлімін бастаймыз.

**2- сайыс. Математика жайлы әңгімелер.** Ойын шарты топтан бір оқушы Математиканы өмірмен байланыстыра отырып, әңгімелерін айтады немесе математикаға өз үлестерін қосқан ғалымдар жайлы.

**Жүргізуші:**

Білім деген биік шың  
Бақытқа сені жетелер  
Білім деген ақылшың  
Қиындықтан өткізер – деп

**3-сайыс. «Логикалық есептер.** Мұнда интерактивті тақтада логикалық сұрақтар беріледі. ( әр топқа бір есеп)

**Жүргізуші:**

Оймен көне көк теңізін кешіндер  
Жарқ – жұрқ еткен неше түрлі есімдер  
Айтылғанда математикалық есептер  
Зейін салып, зердемен шешіндер

**4-сайыс. «Тіл-өнер»** Мұнда жұмбақтар мен мақал-мәтелдер жарысы.

**5-сайыс. «Дода» Әр топқа әр бөлімнен ұпайлар санымен сұрақтар мен есептер беріледі.**

**«Логикалық сұрақтар» 20 ұпай**

- Он-оннан асығы бар үш бала өзара асық ойнады. Ойыннан соң біріншісі екіншісіне қарап:
- қанша асық ұттық – дейді ол. Онша көп ұтқыза қоймаппын, сегіз асығым қалыпты, — деді. Онда сендегі барлық асық менің ұтып алған асығыма тең екен, — дейді үшінші бала асықтарын түгендеп тұрып,
- Ең көп асықтан ұтылған мен болдым, — дейді мұңайып бірінші бала. Ойыннан кейін кімде, неше асық? **Жауабы: бірінші балада 8 асық, екінші балада 18 асық, үшінші балада 4 асық қалды.**

**«Логикалық сұрақтар» 30 ұпай**

- Түйеқұс екі аяғымен тұрғанда бір 12 кг тартса, бір аяғымен

тұрғанда қанша кг болады? – деп атасы немересінен сұрады.  
Жауабы: 12 кг болады.

**«Логикалық сұрақтар» 40 ұпай**

- Ұлу биіктігі 10м ағаштың басына шығуы керек. Ол күндіз 4 м. Жоғары көтеріледі, түнде 3 м. Төмен түседі. Неше күнде ұлу ағаштың басына шығады? **Жауабы: 10 күнде шығады.**

**«Логикалық сұрақтар» 50 ұпай**

- Сықырлаған арба үстінде келе жатқан екі жолаушының біреуі жолдың жартысынан өткенде қалған жолдың жартысы қалғанша ұйықтайды. Жолаушы жолдың қанша бөлігін ұйықтайды?  
**Жауабы:  $\frac{1}{4}$  бөлігінде ұйықтап алады.**

**«Ақбота» есептері 20 ұпай**

Әсем поездың басынан есептегенде 7-вагонға отырды. Марина поездың соңынан есептегенде 7-вагонға отырды. Сонда қыздар бір вагонда болды. Поезда неше вагон болған?

- А) 5                      **б) 13**                      с) 14                      д) 18

**«Ақбота» есептері 30 ұпай**

Тауда 7 ағаш , әр ағаштың түбінде 7 ін, әр інде 7 түлкі, әр түлкіде 7 күшік бар? (2401)

- А) 2410                      б) 2400                      **с) 2401**                      д) 2104

**«Ақбота» есептері 40 ұпай**

18 кубиктерден биіктігі 3 кубиктен тұратын тік бұрышты параллелипед құрастырылды. егер бір кубиктің бетінің ауданы  $19 \text{ см}^2$  болса, параллелипедтің бетінің ауданы қандай?      Жауабы:  $S = 19 \cdot 18 = 342 \text{ см}^2$

- А) 432                      б) 243                      с) 346                      **д) 342**

**«Ақбота» есептері 50 ұпай**

Арман, Ардақ Әсем 5- сыныпта оқиды. Олардың ішінде математик, суретші шахматшы бар. Егер: а) суретші өз суретін салмай , Ардақтың портретін салса; б) Әсем ұлдардан шахматтан жеңілмесе; Сыныпта кім шахматшы, кім суретші, кім математик?

**Жауабы : Әсем шахматшы; Ардақ метематик; Арман суретші.**

- А) Әсем математик, Ардақ шахматшы ,Арман суретші  
Б) Әсем шахматшы; Ардақ метематик; Арман суретші  
В) Әсем суретші; Ардақ метематик; Арман шахматшы

**«Кенгіру» есептері 20 ұпай**

Қояндар жанұясының үш мүшесі барлығы 73 сәбізді жеп қойған. Әкесі шешесіне қарағанда 5 сәбізді артық жеген. Ал баласы Банни 12 сәбіз жеген, шешесі неше сәбіз жеген?

- А) 27      **б) 28**      с) 31      д) 33      е) 56

**«Кенгіру» есептері 30 ұпай**

Айдар қағаз парақты 5 рет бүктеді, сосын ол бүктеген қағазды тескен. Қағаз парақты қайта жазғанда неше тесік шығады?

- А) 6      б) 10      с) 16      д) 20      **е) 32**

**«Кенгіру» есептері 40 ұпай**

Мына сандардың ең үлкені қайсысы?

- А) 999      б)  $99^9$       с)  $(9^9)^9$       **д)  $9^{99}$**

**«Кенгіру» есептері 50 ұпай**

Суретші Худабеднов бір айда 42 картина салды. Олардың 17-сінде орман, 9-нда өзен, ал 13-нде орманда, өзенде салынған. Қалған картинкаларда түсініксіз суреттер бар. Қанша түсініксіз суреттер бар?

**Жауабы:** Эйлер-Венн диаграммасы.  $(29-17)-13=33$   $42-33=9$

**А) 9**      б) 8      в)10      д) 6

**« Викториналық сұрақтар» 20 ұпай**

Үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды?

**Жауабы: 1**

**« Викториналық сұрақтар» 30 ұпай**

Әділ тақтаға екі сан жазды. Мейрамбек олардың қосындысын қасына жазды. Жәнібек тақтадағы үш санын қосты. Егер Мейрамбектің жазған саны бес болса, Жәнібек тапқан қосынды нешеге тең?

**Жауабы:  $5+5+10=20$**

**« Викториналық сұрақтар» 30 ұпай**

Ұшақ А қаласынан В қаласына дейін 1 сағ 20 минут ұшады да, сол жолмен қайтарда 80 минут ұшты. Себебін түсіндір. **Жауабы: Жылдамдығын арттырды**

**« Викториналық сұрақтар» 40 ұпай**

Төрт дос бала мейрамханаға жиі барып, әрқашан бір үстелге отырады. Жалғастың әрқашан бір орынға отыра беретіні белгілі болса, достар неше түрлі тәсілмен үстелге отыра алады?

**Жауабы: 6 түрлі әдіспен**

**6-сайыс. «Жорға» Әр топқа екі сұрақтан беріледі**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.